The background features a soft, watercolor-style illustration of various flowers, including red five-petaled flowers and yellow daisy-like flowers, scattered across the page. A pencil is depicted diagonally from the top right towards the center, with its tip pointing towards the bottom left. The overall aesthetic is clean and educational.

Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін  
мектеп кітапханасы

2023-2024 оқу жылының жылдық есебі

**Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасының  
2023-2024 оқу жылындағы оқулықтар туралы мәліметі**

**Кітапхананың мақсаты:** 1. Кітапхана өз қызметінде Қазақстан

Республикасы үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін, Білім министрлігінің бұйрықтарын және осы жоспарды басшылыққа алады;

2. Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйымымен бірлесіп атқарады;

3. Мектептің міндеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқу – тәрбие ісін неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында қорды қалыптастырады;

4. Анықтама – библиография апаратын, кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастырып, кітапхана қорын толық ашып көрсетеді;

5. Оқушыны кітапқа құштарлыққа, кітапхананы пайдалана білуге тәрбиелейді;

6. Кітаппен өз бетінше жұмыс жасау жолдарын меңгеруге, кітап арқылы ой - өрістерін, рухани жандүниесін кеңейтуге, тілін дамытуға, ой - өрісі кең, білімді, парасатты азаматтарын тәрбиелеуге жәрдемдеседі;

7. Мектептегі педагог қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігін көтеруге көмектеседі.

**Кітапхананың міндеттері:** Оқушыларға білім алудың басты құралы – кітап екенін түсіндіре отырып, жас ұрпақтың бойына патриоттық, әділдік, бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыру.

2. Оқырман көңілінен шығып, олардың талаптарын қанағаттандыру бағытында еңбек ету, кітапхананың кітап қорын сақтап, молайту.

3. Кітапханаға келуші оқырмандар санын көбейтіп, жас ұрпақтың бойында кітапқұмарлықты, кітап оқуға қызығушылықты қалыптастыру.

**Мектеп кітапханасындағы есептік көрсеткіштері 2023-2024 оқу жылына келіп түскен оқулықтар 3649 оның ішінде оқулығы 3159 дана кітап**

Дәптер 127

Эл оқулық, 315

Атлас 48

Көркем әдебиет 86

Общ қор 28685

Оның ішінде оқулықтары -23599

Көркем әдебиет 5086

Тілге бөлер болсақ:

Орыс тілі -629

Өзбек тілі -450

Қазақ тілі-2804

Балалар әдебиеті 903+300=1203

Электрондық оқулық 860

### Кітапхана жұмысының негізгі көрсеткіші

Оқырмандардың саны	600
Келу	3874
Оқылу	5,9
Кітаптың берілуі	3559

Мектеп кітапханасының ең басты атқаратын қызметі – оқу-білім үрдісін оқулықпен, әдістемелік құралмен, әр саладағы әдеби кітаптармен қамтамасыз ететін және кітапхана нормасы мен ережесіне сай жұмыс атқаратын мектептің құрылымы. Мектеп кітапханасының өзгешелігі мен ерекшелігі де осында. Балалар алғаш кітаппен жұмыс істеуді мектептен үйренеді. Ал кітапханашының міндеті-оқуға, кітапқа құмарлығын арттыруға, кітапты қадірлей білуге үйрету. Кітапханадағы әр кітапқа қарап, олардың оқырмандардың қолында көп пайдаланғандығын, не болмаса кітап сөресінде қозғалыссыз тұрғанын байқауға болады. Кітапхана мәдени, рухани ақпарат орталығы болғандықтан бүгінгі атқаратын рөлі зор. Кітапхана пән мұғалімдермен тығыз байланыста. Әр түрлі мектепішілік іс-шаралар өткізу барысында: олимпиада, ғылыми конференция, пән аптасы, ашық сабақ, семинар, педкөнес, әдістемелік отырыс, жан-жақты тәрбие жұмысы, сынып сағаты болсын керекті материал таңдаған кезде кітапханадан үнемі көмек алуға болады. Тәрбиелік жұмысының негізгі бағытында керекті әдебиетті, газет пен журнал беттеріндегі мақалалардан табуға жетекшілік етеді. Әрбір мектеп іс-шарасына қызығушылық танытып, тақырыптар бойынша көз тартатындай көркем безендірілген, терең мазмұнды ашық көлемді кітап көрмелері ұйымдастырылады және ұсынатын әдебиет тізімі құрастырылады.

Кітапхана қорына аудандық білім бөліміне жетіспейтін оқулықтарға сұраныс беріліп сыныптар оқулықтарының барлығы беріліп кітапханадағы оқулықтар қорымен толықтырылды. Осындай жүйелі жұмыстар нәтижесімен кітапхана қоры толығып, өз деңгейінде жұмыс жүргізілді.

Сыныбы	Оқушы саны	Қамтылуы
1-4 сынып	290	100 %
5-9 сынып	399	100 %
10-11 сынып	77	100 %
Барлығы	766	100%

Оқушылардың оқулықпен қамтылуы осы оқу жылында мектеп оқушылары оқулықпен мектеп тарапынан 100 % қамтылды.

Оқушылардың қолындағы оқулықтарды тексеру кезінде мынадай жағдайлар анықталды 1 б,в сыныптары мен 4 б,в сынып оқулықтары өте нашар ұсталған.кейбір сыныптарда оқушылар кітабын сабақ кестесіне сәйкес әкелмеген, тастап кеткен. Оқулықтардың 60 % пайызы дерлік сырты қапталмаған, оқушыларға ескерту жасалып, қайта тексеру болатындығы айтылды.

Ұсыныс: Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне, күнделікті оқулықтарын тексеріп отыруын ұсынамын.

**Дайындаған: Ж.Ахметова**

**Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханасының  
2023-2024 оқу жылының жылдық есебі**

**Кітапхана жұмысының мақсаты:** Кітапхана жұмысының мақсаты – педагогикалық құрамды және білім алушыларды кітаппен жұмыс істеудің ұтымды тәсілдеріне үйрету, материалдарды іздеуге және талдауға үйрету және оқу әрекетінің ақпараттық қамтамасыз ету ептіліктері мен икемділіктеріне дағдыландыру, өзгерістерді тез арада сезінуге, сын көзімен ойлануға және қажетті ақпаратты қайта қарауға үйрету. Қазіргі кездегі білім беру ортаның жағдайында кітапхана оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетумен шектелмей, білім саласына қойылған стратегиялық міндеттерді шешуге тиісті: Кітаппен жұмыс үрдісінде балаларды азаматтық сезімге тәрбиелеу, рухани- шығармашылық ұстанымдарын ашу Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықты ояту, оқу мәдениетін қолдау. Оқу сауаттылығын қалыптастыр. Кітапханаға жаңа оқырман тарту.

**Мектеп кітапханасының негізгі қызметі:** Білім беру қызметі. Мектептің қалыптасқан тұжырымдамасы мен оның бағдарламасына орай, білім беру мақсатын қамтамасыз ету және қолдау.

**Ақпараттық қызметі:** Оқушылар мен мұғалімдердің оқырмандық сауалдарын қанағаттандыру, түрлі бағыттағы ақпараттарды пайдалануға мүмкіндік туғызу.

**Тәрбиелік қызметі.** Жеке тұлғаның жан жақты дамуын қалыптастыруға мүмкіндік туғызу, азаматтық тұрғыдан, интернационалдық және Отан сүйгіштік тұрғысынан тәрбиелеу.

**Мектеп кітапханасының есептік көрсеткіштері.** 2023-2024 оқу жылына келіп түскен оқулықтар 3649 оның ішінде оқулығы 3159 дана кітап

Дәптер 127 Эл. оқулық 315, атлас 48

Көркем әдебиет 86

Жалпы қор 28685

Оның ішінде оқулықтары 23599

Көркем әдебиет 5086

Тілге бөлер болсақ:

Орыс тілі 629

Өзбек тілі 450

Қазақ тілі 2804

Балалар әдебиеті 1203

**Кітапхана жұмысының негізгі көрсеткіші**

<b>Оқырмандардың саны</b>	<b>600</b>
<b>Келу</b>	<b>3559</b>
<b>Оқылу</b>	<b>16,9%</b>
<b>Кітаптың берілуі</b>	<b>3874</b>

Мектеп кітапханасы екі бөлмеде орналасқан. Бір бөлмесінде әдеби – әдістемелік кітаптар, оқулықтар орналасқан, екінші бөлмесінде «Кітап-саркылмас рухани қазына», «Қазақстан елім менім», «Туған жерім-тұнған шежіре», «Орта ғасыр ғұламалары» «Ертегілер әлеміне саяхат», «BOOKCROSSING», «Оқуға құштар мектеп»жобасы бойынша Әжемнің ертегісі жобасы кітап көрмесі ,Әлем әдебиеттерінің жауһарлары, Анықтамалық бұрыш тақырыбында кітап көрмелері жабдықталған.Бұл кітап көрмелері жыл бойы оқырмандар сұранысын қанағаттандырып отырады.

1-10 қыркүйек аралығында «Кітапхана сапалы білімнің кепілі». Жаңа оқу жылында оқулықтарды ілеспе құжат арқылы тексеріп, саны мен құнын есепке алынды.



Оқушылардың тізімін есепке алып,жаңадан кітапханаға тіркеп формулярлық номер берілді.

Мектеп директоры бекітілген жылдық жоспары бойынша кітапхана жұмысы жүріп жатыр. Әр өтілген іс-шара анықтамасы жазылып, есеп беріліп, ақпарат фейсбук парақшасына салынып , сілтемесі білім бөліміне өткізіліп жатыр.

«Оқуға құштар мектеп»жобасы бойынша «Бір отбасы, бір кітап» айдарымен оқырман отбасы байқауы жарияланып, Халықаралық отбасы күніне орай «Отбасы тәрбие бастауы» тақырыбында отбасылық кітап оқу челленджі ұйымдастырылды. 5 «А» сынып оқушысы Елібай Бекнұрдың отбасы,

5 «Ә» сынып оқушысы Абай Айзеренің отбасы,

5 «Б» сынып оқушысы Әділбекқызы Қазынаның отбасы қатысып , Алғыс хаттармен марапатталды



Тілдер мерекесіне орай "Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кеменгерді" тақырыбында көрме қойылды. Кітап көрмесімен бірге бейне роликтер мен бейне фильмдер 700-ден астам оқушының тамашалауына ыңғайланып, қойылды. Оқушылар елімізде биылғы жылы тойланатын мерей тойиелері туралы ақпараттар алды. 6-8-сынып оқушыларының бейне көріністері барлық оқушыға жол тартты.



2023-2024 оқу жылындағы «Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Т.Әбдіқовтың шығармаларын насихаттау бойынша мектебіміздің 6-7-сынып оқушыларын Түркістан қаласындағы облыстық Фараб кітапханасына саяхат жасап, «Оң қол», «Әке» шығармаларына талдау, түсіндірме жұмысын жүргізіп қайттық.




25-қазан Республика күніне орай «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, оқырмандар арасында отанды сүйуге, Еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды достыққа, адамгершілікке, саналыққа тәрбиелеу.



### Оқуға құштар «Бастауыш сыныптарымен дауыстап оқу»

Максаты: оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, балалардың кітапқа деген ынтызарлығын ояту, классик жазушылардың балалар жазушыларының шығармаларын көпшілікке насихаттау.



« Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Кім жылдам» ойыны  
Мақсаты: Оқушылардың зеректік қабілетін дамытып, ой-өрісін кеңейту, білімге деген құштарлығын арттыру, озық ойлы оқушыны анықтау.

Оқушылардың дүниетанымын, білімге қызығушылығын және ойлау, ойды жүйелеу қабілетін дамыту. Өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зейінді тұлғаны тәрбиелеу.



«Әжемнің ертегісі» жобасы бойынша мектеп оқушыларына әр 14 күн сайын ауылымыздың ардақты, саликалы әжелері тікелей көрсетілімде оқушыларға ертегі айтылып жатыр. Ой-өрісті дамытып, қиялға қанат қанат бітіретін ертегілерден адамның ертеңге деген сенімін, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірбиесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақта ол баланың ой-қиялын ұштайды, мінез құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады.



Республикалық көлемде өткізілген «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» жалпы науканы бойынша «Отбасындағы зорлық- зомбылық өзекті мәселе» тақырыбында кітап көрмесі өтті.





«Әжемнің ертегісі» жобасы бойынша мектеп оқушыларына әр 14 күн сайын ауылымыздың ардақты, саликалы әжелері тікелей көрсетілімде оқушыларға ертегі айтылып жатыр. Ой-өрісті дамытып, қиялға канат қанат бітіретін ертегілерден адамның ертенге деген сенімін, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірбиесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақта ол баланың ой-қиялын ұштайды, мінез құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады.



Республикалық көлемде өткізілген «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» жалпы науқаны бойынша «Отбасындағы зорлық- зомбылық өзекті мәселе» тақырыбында кітап көрмесі өтті.



«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында «мектеп оқушысы оқуға міндетті 100 кітап» жобасын іске асыру негізінде күзгі демалыс кезінде «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» іс шарасы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқу мәртебесін, оқу белсенділігі мен оқу сапасын арттыру жас ұрпақ бойында азаматтық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.



## Уақыт, Кітап, Мен (жаңа кітаптар таныстырылымы)

Кітаптар әр түрлі жанырды қамтыды. Атап айтқанда ішінде көркем әдебиет, тіл үйреу, тарих, бизнес, медицина тіпті өз өзіңді дамыту сияқты кітаптар.

Оқушыларға жаңа кітаптар тізімі ұсынылып, түрлі ақпараттық парақшалар таратылды. Оқырмандар ақын жазушылардың, ғалымдар мен психологтардың баға жетпес туындыларын оқып, өз ойларымен бөлісті, бұл өскелең ұрпақты көркем әдебиет оқуға, кітапқа деген құштарлықтарын арттыруға септігін тигізери сөзсіз.



## «Балалар кітапханасы» жобасы

**Жобаның ұраны:** Бәріміз оқимыз! Әрқашан оқимыз! Кез келген жерде оқимыз!

**Мақсаты:** Балаларды кітап оқуға тарту, кітапты көп оқитын орта қалыптастыру, оқырмандардың назарын кітапқа аудару, кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру, мәдениетті, парасатты, рухани ойлауы терең, ар-ожданы мол еңбекқор ұрпақты тәрбиелеу, кітапті сүйе білуге, кітапті қадірлеуге баулу, оқырмандарды жаңа кітаптармен және жаңа авторларымен таныстыру.

**Міндеттері:** Кітап оқу дәстүрін жандандыру, кітап оқу жеке тұлға дамуының күшті факторы екенін түсіндіру;

Кітап оқу мәселесін ата-аналармен және қоғаммен бірлесе қолға алу.

Кітап оқу арқылы балалардың еркін ойлауына, көркем әдеби тілде сөйлеуіне, ой-өрісін дамытуға ықпал ету;

Балалардың кітапқа және оқуға көзқарасын өзгерту, кітап оқу бос уақытты ұйымдастырудың тиімді, пайдалы формасы екендігін ұғындыру;

Балаларды кітаптарды көбірек оқуға ең жақсы кітаптарды дұрыс таңдай білуге үйрету, бір-бірімен пікір талас туғызу.

**Тақырып неге өзекті?:** Өкінішке орай қазіргі таңда балалардың өз бетімен кітап оқуға қызығушылығы азайды. Әдебиетке деген құлықсыздық пайда болды. Сондықтан қазіргі кезде кітап оқуды жандандырып, оқуға тарту арқылы балалардың теледидар және компьютер, ұялы сымтетік алдындағы мақсатсыз ойын ойнап отыру уақытын шектеу өзекті болып отыр. Біздің жоспар бойынша «Әжемнің ертегісі» жобасын жүзеге асырып жатырмыз. Қазақ халқының ертегілерін пайдалана отырып тәрбиелеу. Жоба 2 жылға құрылған, екі аптада бір фэйсбук парақшасында тікеклей көрсетіліммен көрсетіледі. Баланың ой өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюна әжелеріміздің ертегілерінің еңбегі орасан зор. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақта ол баланың ой қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып сөздік қорын қалыптастырады.



### «Балалар кітапханасы» жобасы жоспар бойынша 3-сынып оқушыларының «Бауырсақтың ғажайып саяхаты»



3-сынып оқушыларымен бірге "Бауырсақтың ғажайып саяхаты" атты тақырыпта іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – балаларға ертегінің тәрбиелік мәнін түсіндіріп, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бұл шара барысында оқушылар ертегіні тамашалап, өздері сахнада ойнап, бауырсақтың қызықты оқиғаларын бірге бастан кешті.

Бауырсақ — орыс және қазақ халықтарының ортақ ертегісі, балаларға арналған танымал оқиғалардың бірі. Бұл ертегіде бас кейіпкер — бауырсақ, яғни табаға пісірілген дөңгелек нан. Оқиға негізінде бауырсақтың орманда түрлі жануарлармен кездесіп, олардың қастықтарынан құтылып кету оқиғасы баяндалады.

Оқушыларға "Бауырсақ" ертегісі көрсетілді. Балалар қызыға қарап, ертегінің әрбір оқиғасын мұқият тыңдап, жануарлардың әрекеттерін талдады. Олар бауырсақтың әр жануардан қалай қашып құтылғанын қызығушылықпен бақылады, ал түлкінің оны алдап жеп қойғанына таңғалды.

Оқушылар ертегіні сахналағанда, әр жануар бауырсақты жегісі келіп, оны қалай алдап немесе ұстағысы келгенін күлкілі және қызықты етіп жеткізді. Ең соңында түлкінің бауырсақты жеп қойған сахнасы балалардың көңілінен ерекше шықты.






# Жоба атауы

**"Балалар кітапханасы:**

**Бір тұтас тәрбие бағдарламасы"**

Сауран ауданы, Т.Айтжанов атындағы жалпы  
білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі

Ахметова Жанар





# ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ


- Балаларға кітап оқуды насихаттау және тәрбиелік құндылықтарды сіңіру.
- Балалардың рухани дамуына үлес қосу
- Оқу мәдениетін қалыптастыру

## Міндеттері:


- \* Жаңа әдебиеттермен қамтамасыз ету
- \* Әдеби шығармаларды терең талдау
- \* Тәрбие бағытында іс-шаралар ұйымдастыру
- \* Кітапханалық инфрақұрылымды жақсарту



# Негізгі бағыттар




Оқу мәдениеті: Әдеби  
шығармалар мен  
кітап оқуға  
қызығушылықты  
арттыру



Рухани тәрбие:  
Ұлттық және мәдени  
құндылықтарды  
дәріптеу



Әлеуметтік даму:  
Топтық және жеке  
оқылымдарды  
ұйымдастыру



# Жоба мониторингі және бағадау

